

Бекітемін:

ЖШС «Ай-Бетім-Али»

бөбекжай-балабақшасы

менгерушісі:

Торабасва А.



**«Балапан» кіші тобының
перспективалық жоспары
2024-2025 оқу жылы**

Тәрбиеші: Досымова Н.Б.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Ай-Бегим-Али» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
Тобы: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2024-2025 оқу жылы қыркүйек айы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы		
қыркүйек	Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру	Негізгі қимыл түрлерін жетілтіру:жүру,жүгіру,өрмелеу,лақтыру,секіру, тепе-деңдікті сақтау:жалпы дамытушы жаттығуларды,ұлттық,қимылды, саусақпен ойнатылатын ойындарды,шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың ден саулығын нығайту;салауаты өмір салтын туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. «Ұлттық ойын-Ұлт қазынасы» (Арқан тарту ойыны) Жүгіру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап,аяқтың ұшы мен жүру,шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып,белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Тепе теңдік сақтау жаттығулары: Тура жолмен,сызықтар мен шектелген(ені 20-25 см,ұзындығы 2-2.5м) жіптің бойымен,гимнастикалық скамейканың үстімен жүгіру,заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға,жұмсақ модульге) Жүгіру:Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта,әртүрлі қарқын мен,заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап,бірінің соңынан бірі(20-метрдейін)шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру:бағытты өзгертіп,шашырап 30-40секунд бойына тоқтамай жүгіру,жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	Көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;қол жетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына,театр әлеміне баулу. Кітәптарға қызығушылықты дамыту;пассивті және белсенді сөздік қорды байыту.

		Түрлі балалар әрекетін қазақ халықының мәдениетімен, салт дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша Және байланыстырып сөйлеуді дамыту. «Балалар кітапханасы» жобасы «Бір кітап» «Кітап- менің қазынам,» «Жас тыңдарман» жобалары аясындағы балалар кітапханасы. «Өнегелі 15минут»Балалардың ересектермен емін еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Балабақшаға экскурсия 1 қыркүйек-Білім күні «Балабақша –жайлы мекен»
	Көркем әдебиет	Балаларды жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу,балаларды бесік жырларын халық әндерін ,ертегілерін авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.Балаларды педагогтың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілім менің тірегім»
	Танымдық және зияткерлік дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту Сенсорика	Балалардың танымдық қабілеттерін білуге құштарлығын,қиялын,зейінін есте сақтауын байқағыштығын дамыту. «Smart bala» жобасы. «Айырмашылығын тап»» Дүкен» бойынша қарапайым білімдерді (зерделеу,көзбен көріп ойлауды,есте сақтауды қиялды ұсақ қол моторикасын дпмыту.
	Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту	Балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру,дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту болып табылады.Заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу(тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру.Құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу;желімсіз жапсыру техникасын игеру.Өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру,заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру. «Smart bala» жобасы
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша ересектің көмегімен өз бетінше құрастыру. Табиғи материалдары (күм ,су,тас) қолданып ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау,құрдастары мен бірге құрастыруға баулу. «Smart bala» жобасы .
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту,көркемдік қабылдауларын дамыту.Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып,түрлі түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу,дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу,дәстүрлі емес әдістер мен суреттер салу.

	«Қауіпсіздік ережелері» Жол қозғалыс ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындағы, табиғаттағы, өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезде ережелерді үйрету.
Мүсіндеу	Балалардың саз балшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, саз балшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. «Smart bala» жобасы
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз үйрету) «Smart bala» жобасы
Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. «Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған кіші топтағы тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Әнұранын орындалуы. «Күй күмбірі» - балалардың бойына музыканы тыңдауға қызығушылықтарын музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларын дамыту қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылықтарын арттыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың жеке тұлғасының қалыптастыруына ықпал ету, оның мүдделеріне қажеттіліктеріне қалауына мүмкіндігіне құрметпен қарау. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, көліктер, көше жол туралы басқақы түсініктерін қалыптастыру. Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздік ережелерін сақтау. Баланың жеке тұлғасының қалыптастыруына ықпал ету, оның мүдделеріне қажеттіліктеріне қалауына мүмкіндігіне құрметпен қарау. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, көліктер, көше жол туралы басқақы түсініктерін қалыптастыру. Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздік ережелерін сақтау. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарды ұқыты қарауды қалыптастыру.

Әдіскер: Қорабаева А.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Ай-Бегим-Али» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2024-2025 оқу жылы қазан айы.

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Тәуелсіздік және отаншылдық айы »		
	Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. «Тақия тастау»Балалар шеңбер жасап отырады.Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп,бір баланың артына білдіртпей тастап кетеді.Сезіп қойған бала жүргізушіні қуып жетуі керек.Ал жүргізуші бала қуған баланың орнына келіп отыра қалуға тырысады. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Еңбектеу: өрмелеу.Шектеулі жазықтың көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан,әр түрлі заттардың:арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап.(алақанымен, тіземен тіркен)еңбектеу. Домалату, лақтыру.Екі қолмен, әр түрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5метр арақашықтықтағы нысанаға(төмен жоғары)лақтыру,отырып және тұрып, түрлі заттар астымен 0.5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15сантиметр) секіруге,10-15 сантиметр биіктіктен секіруге,еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.

	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.Қазақ халқының ұлттық салт- дәстүрлеріне баулу,балаларды бесікпен таныстыру,қуыршақты бекікке бөлеп,бесік жырын айтып отырып ,ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу.балаларға ұйықтар алдында тыңдату әдетке айналдыру.
	Көркем әдебиет	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілге бойлау» Балаларды бесік жырларын,халық әндерін ертегілерін авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.Балаларды педагогтың көмегімен өлеңді толықө қайталауға ынталандыру.Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді,сөз тіркестерін айтуға мүмкіндік беру.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика	Smart bala» жобасы «Әмиян» «Айырмашылығын тап»ойындары (заттарды тексеріп қарау,зерделеу,олардың көлемін көзбен өлшеу,көзбен көріп өлшеу, есте сақтауды, қиялды, ұсақ моторикасын дамыту.Заттармен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру,ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды,қимылдардың үйлесімділігін,қолдың ұсақ бұлшық еттерін , « көзбен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып,түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен сурет салу.
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені,тостағанды,табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып терендету, кесектерді біріктеіру құыршаққа арналған әшекейлерді(білезік,жүзік,қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда,)қағаз бетіне қойып,құрастыруға ,кескінді конструктивті тәсілмен жасауға(жекелеген бөліктерден) ,ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама –қарсы түстерді)үйрету.
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру,кеңістік қатнастарды түсіну,құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды(құм,су, тас) қолданып ойнауға мүмкіндік беру.

	Музыка	«Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. , "Автобус аялдамасы", ", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, от басы мүшелерінің аттарын атау.

Әдіскер: Қорабаева А.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Ай-Бегим-Али» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
Тобы: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2024-2025 оқу жылы қараша айы.

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Әділдік және жауапкершілік айы»		
	Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. «Допты қуып жет» Ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады.Тәрбиеші доптарды себетке салып алып, балалардың алдына домалатып жібереді.» Допты қуып жет» деген белгі бойынша балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салу керек. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жалпы дамытушылық жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.Қолды алға,жоғары, екі жаққа көтеру;қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.Қолды артқа қою;оларды бүгіп,жазу,қолды шапалақтау,қолдарды алға-артқа сермеу,саусақтарды бүгу және ашу. Арқанның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып ,аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.Шалқанша жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және тусіру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.

		Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол(оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың зат есімін көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім+зат есім, зат есім+етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолдануын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.
	Көркем әдебиет	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілге бойлау» Балаларды бесік жырларын, халық әндерін ертегілерін авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика	Smart bala» жобасы «Әмиян» «Айырмашылығын тап» ойындары (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп өлшеу, есте сақтауды, қиялды, ұсақ моторикасын дамыту. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен салу, ересектер салған суретті толықтыру.
	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.

Жапсыру	Фланелегтрафта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою- өрнектерін орналастыру.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
Музыка	« Күй күмбірі », балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармаларының сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Музыкалық аспаптар: Балалар музыкалық аспаптары металафон, сылдырмақ, қоғырау аспаптардың дыбысталуы мен таныстыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	« Үнемді тұтыну », «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: жобасы «Қоғамдық мүлікті қорға» «Адалдық алаңы» «Әлем біздің айналамызда» Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. , "Автобус аялдмасы", " ", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық- бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу,) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.

Әдіскер: Қорабаева А.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы: «Ай-Бегим-Али» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Бірлік және ынтымақ айы»		
	Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. «Түйе-түйе» Ойнаушылар бірінен соң бірін белінен құшақтатып тұрғызады.Бастаушы түйе тәрбиеші, ал соңынан ілескен ойыншылар боталар.Бастаушыдан бөлек ұстаушы тағайындалады(Алғашқы кезде ересек адам.Балалар ойын ережесін меңгерген соң бастпуюшта, ұстаушыда балалар арасынан қойылады) Бастаушы түйе- тәрбиеші және соңынан ілескен ойыншы балалар-боталар кең алаңда айналып қозғалып жүреді.Ұстаушы сол тізбектегі соңында жүрген баланы ұстауға әрекеттенеді.Егер ұстап алса қолынан жетектеп орындыққа жеткізіп отырғызады. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Орнында жүру.Бастапқы қалыпта тұрып,сол (оң) аяқтың тізесін(заттан ұстап) бүгу.Таяныштан ұстап отыру,аяқтың ұшымен тұрып,тартылу.Аяқтың өкшесін алға қою.Аяқтың бақайларын қимылдату. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл,мазмұны қарапайым қимылдардыойындар ойнауға ынталантыру.Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып,негізгі қмһимылдарды(жүру, жүгіру,

		лақтыру,домалату)жетілдіру.Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету.(қоян сияқты секіру,аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар.Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге,ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу.Ересектердің сөзін түсінуге,шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз таңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге,өз ойынайтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілге бойлау» Балаларды бесік жырларын,халық әндерін ертегілерін авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын,халық әндерін, ертегілерін,авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып берді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, соны мен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. «Республикам- мақтанышым!»
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика	Smart bala» жобасы «Әмиян» «Айырмашылығын тап»ойындары (заттарды тексеріп қарау,зерделеу,олардың көлемін көзбен өлшеу,көзбен көріп өлшеу, есте сақтауды, қиялды, ұсақ моторикасын дамыту. Берілген заттардың 3-4 серсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып,түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату(біреу-көп),әр түрлі көлемдегі заттарды атау.
	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	Білгілі бір ережелерді орындау дұрыс отыру,қағазды умаждамау,қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.

Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту; үстіне, жанына қою.
Музыка	« Күй күмбірі », балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтың дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	« Үнемді тұтыну », «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: жобасы «Қоғамдық мүлікті қорға» «Адалдық алаңы» «Әлем біздің айналамызда» Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. , "Автобус аялдамасы", ", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру. Заттық әлем. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.

Әдіскер: Қорабаева А.



